

"Цифрлық үкіметтің" цифрлық инфрақұрылым объектілерінің тізбесін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрінің 2026 жылғы 17 наурыздағы № 149/НҚ бұйрығына өзгеріс
пен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрінің 2026 жылғы 24 тамыздағы № 503/НҚ бұйрығы

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Цифрлық үкіметтің" цифрлық инфрақұрылым объектілерінің тізбесін бекіту
туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды
интеллект және цифрлық даму министрінің 2026 жылғы 17 наурыздағы №149/НҚ
бұйрығына мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Цифрлық үкіметтің" цифрлық инфрақұрылым
объектілерінің тізбесінде:

1-тармақта:

31) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"31) "Қазақстан Республикасының сенім білдірілген үшінші тарабы" цифрлық
жүйесі;"

мынадай мазмұндағы 32) тармақшамен толықтырылсын:

"32) "TazaQazBot" бағдарламалық өнімі" цифрлық жүйесі."

2. Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің
Цифрлық трансформация саясаты департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Жасанды
интеллект және цифрлық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

2) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде оның
көшірмесін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық
бақылау банкіне қосу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан
Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу
құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан
Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің орынбасары –

Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі

Ж. Мәдиев

